ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 тамыз № 4360-23-00-2/1337 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
хатшылықта Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбі

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Сексеуіл кент әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру
3.Шарт бойынша жұмыстарын аяқтауды міндеттеу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Темір
талап қоюшы өкілі Қ.Дәуренбеков
жауапкер Б.Сисенбі
үшінші тұлға С.Турешов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбі арасында 2023 жылғы 29 наурызда №80

құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттардың 2.1-тармағы мен шарттың №1 қосымшасына сәйкес орындаушы 1 245 555 теңгеге «Сексеуіл кентінде белгілерді, стендтерді, жазуларды орнату» жұмыстарын шарт қазынашылық органдарына тіркелген соң 1,5 айда аяқтауға міндеттенген. Шарт 2023 жылдың 29 наурызында тіркелген, тиісінше жұмыстар 2023 жылдың 15 мамырында аяқталуы тиіс.

Талап қоюшы жауапкерді шарттар бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, яғни орнатқан белгілерінің сапасы ешқандай сын көтермейтіндігі, одан бөлек белгілер қажетті жерлерге орнатылмағандықтан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шарт бойынша жұмыстарын аяқтауды міндеттеу туралы сотқа талап қойған.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір жолдамаған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қою арызын толығымен қолдап, талап қоюшының қызметкерлері жауапкердің жұмыстарын зерделеу барысында орнатылған жол белгілерінің сапасы өте төмен екендігін, бұл жұмыстар Сексеуіл кентінің жергілікті мекемелерімен бірлесіп, орнататын жерлерін анықтап барып жасалуы тиіс екендігін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында Сексеуіл кентіне бірнеше рет барғандығын, бірде кент әкіміне, бірде жергілікті полиция бөліміне барып, әрқайсысы бір-біріне сілтеген соң, жергілікті халықтан сұрап жүріп жол белгілерін өзі орнатқандығын, одан бері біршама уақыт өткендіктен жергілікті халық ол белгілерді бүлдіруі мүмкін екендігін көрсетіп, талаппен келіспейтіндігін, жұмыстарды аяқтауға ниетті еместігін көрсетті.

Үшінші тұлға сот отырысында жауапкердің Сексеуіл кентіне орнатылған жол белгілері өте төмен сапада жасалғандығын, кент халқының тарапынан наразылықтар туындап отырғандығын көрсетіп, жауапкердің жұмыстарын қайтадан сапалы түрде, стандарттарға сай орнатуын талап етті.

Прокурор талап қоюшының талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды айтты.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыс қызы А., 01.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Әбілқайыс қызы А., 02.10.2023
4360-23-3-1/1463

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде, сапалы түрде орындамаған, жұмыстар бүгінгі күні талап қоюшымен қабылданбаған. Ол тараптар түсініктерінен және талап қоюшының ұсынған фото суреттерімен өз дәлелін табады. Жауапкер де сот отырысында жол белгілерін өз бетінше мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуынсыз орнатқандығын жоққа шығармады.

Сондықтан сот талап заңды әрі негізді болғандықтан, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп тапты.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамауына байланысты талап қоюшы 32 384 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот өнім берушінің міндеттемені орындамауымен көрінген кінәлілік дәрежесіне баға беріп, талап қоюшы мен жауапкердің назар аударуға лайықты мүдделерін ескеріп, жауапкерден мемлекет кірісіне 32 384 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп тапты.

№3 талап бойынша.

АК-ның 272-бабына сәйкес, «міндеттеме- міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс», сондай-ақ осы Кодекстің 273 бабына сәйкес, заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді».

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 01.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Әбілқайыскызы А., 02.10.2023
4360-23-3-1/1463

Сондай-ақ, АК-нің 8-бабының талаптары бойынша, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады. Азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі құқықтардың жүзеге асырылмауы, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтардың тоқтатылуына әкеп соқпайды. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Қазіргі таңда жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін толығымен орындап, жұмыстарды аяқтап, талап қоюшыға тапсырмағаны іс құжаттарымен және сот отырысындағы тараптар өкілдерінің түсініктерінен өз дәлелін тауып отыр. Сондықтан талап қоюшының жауапкерге шарт бойынша жұмыстарын аяқтауды міндеттеу туралы талабы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіге қойған талаптары толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіге шарт бойынша жұмыстарын аяқтау міндеттелсін.

Жауапкер «СИСЕНБІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Бекзат Бақытұлы Сисенбіден мемлекет кірісіне 32 384 (отыз екі мың үш жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы мен 4 422 (төрт мың төрт жүз жиырма екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыс қызы А., 01.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Әбілқайыс қызы А., 02.10.2023

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Әбілқайысқызы
көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «02» қазан 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 01.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 02.10.2023
4360-23-3-1/1463